

МРНТИ: 15. 81.21

10.51889/2959-5967.2024.80.3.019

Ш.И. Джанзакова¹, Н.С. Жұмашева¹, С.И. Кадыргалиева²,
Г.Г. Абдрахманова², Шамгонова Р.Г.².

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау, Қазақстан

²М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Орал, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Аңдатпа

Мақала өзекті проблеманы, атап айтқанда оқу үлгеріміне арналған. Бұл проблема тек оқу үдерісінің қатысушыларын ғана емес, сонымен қатар педагогтар мен психологтардың ғылыми ортасының да ерекше алаңдаушылығын тудыруда. Өйткені оқу үлгерімі - бұл мектеп өмірінің көп қырлы құбылысы, сондықтан да ол жан-жақты зерттеуді талап етеді. Сондықтан авторлар бұл мәселені оны тек әлеуметтік, педагогикалық проблема ретінде ғана емес, басты психологиялық проблема ретінде қарастырған. Ғылыми әдебиеттер негізінде оқушылардың үлгеріміне теріс әсер ететін факторларды, себептер мен жағдайларға жете талдау жасалған. Жүргізілген зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімінің басты психологиялық факторы ретінде - мұғалімнің қарым-қатынас стилін анықтаған. Зерттеуде мұғалімдердің педагогикалық қарым-қатынас стилі әдістемесі (А.Б. Майский және Е.Г. Ковалева); Филлипстің мектептегі үрейленуін анықтау әдістемесі қолданылған. Сонымен қатар оқушылардың оқу үлгерімін анықтау мақсатында пән мұғалімдерімен әңгімелесу, оларға сауалнама жүргізу, оқушыларды бақылау және сынып журналын талдау арқылы диагностикалық жұмыстар кеңінен орын алды.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып оқушысы, оқу үлгерімі, психологиялық фактор, қарым-қатынас, эмоционалды көңіл-күй

Джанзакова Ш.И.¹, Жұмашева Н.С.¹, Кадыргалиева С.И.², Абдрахманова Г.Г.², Шамгонова Р.Г.²

¹Атырауский государственный университет им.Х.Досмұхамедова
Атырау, Казахстан

²Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова
Уральск, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ УСПЕВАЕМОСТИ УЧАЩИХСЯ МЛАДШИХ КЛАССОВ

Аннотация

Статья посвящена актуальной проблеме, в частности успеваемости. Данная проблема вызывает особую озабоченность не только участников учебного процесса, но и научного сообщества педагогов и психологов. Ведь успеваемость - это многогранное явление школьной жизни, поэтому требует всестороннего изучения. Поэтому авторы рассматривали эту проблему не только как социальную, педагогическую проблему, но и как главную психологическую проблему. На основе научной литературы проведен детальный анализ факторов, причин и условий, негативно влияющих на успеваемость учащихся. В ходе проведенного исследования в

качестве главного психологического фактора успеваемости младших школьников был определен стиль общения учителя. В исследовании использовалась методика педагогического стиля общения педагогов (А.Б. Майский и Е.Г.Ковалева); методика определения школьной тревожности Филлиппа. Также с целью выявления успеваемости учащихся получили широкое распространение диагностические работы с учителями-предметниками через беседы, анкетирование их, наблюдение за учащимися и анализ классного журнала.

Ключевые слова: учащийся начальных классов, успеваемость, психологический фактор, коммуникабельность, эмоциональный настрой

*Zhanzakova Sh.I.¹, Zhumasheva N.S.¹, Kadyrgalieva S.I.²,
Abdrakhmanova G.G.², Shamgonova R.G.²*

*¹Atyrau State University after Kh. Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan*

*²The West Kazakhstan university named after M. Utemisov
Oral, Kazakhstan*

PSYCHOLOGICAL FACTORS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS' ACADEMIC PERFORMANCE

Abstract

The article is devoted to an urgent problem, in particular academic performance. This problem is of particular concern not only to participants in the educational process, but also to the scientific community of educators and psychologists. After all, academic performance is a multifaceted phenomenon of school life, therefore it requires comprehensive study. Therefore, the authors considered this problem not only as a social, pedagogical problem, but also as a major psychological problem. Based on the scientific literature, a detailed analysis of the factors, causes and conditions that negatively affect student academic performance has been carried out. In the course of the study, the teacher's communication style was identified as the main psychological factor in the academic performance of younger schoolchildren. The study used the methodology of the pedagogical communication style of teachers (A.B. Maysky and E.G.Kovaleva); the methodology for determining Phillips' school anxiety. Also, in order to identify students' academic performance, diagnostic work with subject teachers through conversations, questioning them, observing students and analyzing the classroom journal has become widespread.

Keywords: primary school student, academic performance, psychological factor, sociability, emotional attitude

КІРІСПЕ

Педагогикалық қызмет – күрделі және көп компонентті. [1]. Мектеп табалдырығын аттаған бала оқу-тәрбие үрдісіне дұрыс бейімделмесе, оқуда өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін барынша аша алмай, нашар үлгеретін оқушыға айналады.

Қарым-қатынас стилі – бұл психология мен педагогиканың маңызды бөлігі болып табылады. Қарым-қатынасқа түсуі, мәліметтерді қабылдауы, жеке тұлға болып қалыптасуы үнемі психологтардың назарында, қадағалауымен жүреді. (М.И.Лисина, Л.Г.Ружская, Р.А.Смирнов). [2-4].

Бала балалық шағынан баста алдыңғы қатарға құрбыларымен қарым-қатынасқа түсіп, қатарластарын үлкен адамға теңей бастайды. Үлкейген сайын қарым-қатынас жасау, сөйлеуге саналы түрде қарау сөздік қорын кемеліне жеткізіп білуге (антонимдерді, синонимдерді, көп мағыналы сөйлемдерді түсіну), байланыстырып сөйлеу тілінің дамуы, сөйлеудің дыбыстық дамуы грамматикалық дұрыстығына әсер етеді.

А.В.Захаровтың пікірінше, ана тілінің негізгі сөздерін игереді, тілдің ұлттық сапалық жағын ұғынады. Бұл кезеңде сөздік ұйытқы қалыптасады, бірақ ол әры қарай өзгермейді. Негізгі «қаңқасы» өзгеріссіз қалады, оның сапалы толықтырылуына, көлемінің үлкеюіне мән берілмейді [5]. Сондықтан сөйлеу әдебін, сөздік қорын толықтыруға жету мән беру өте маңызды.

Мектепке барған кезде балалардың басты мәселесінің бірі – оң қарым-қатынасқа түсу болып табылады. Көптеген психологтар А.М.Шахнарович және т.б балалар балабақшадан бастауыш сыныпқа өту кезінде ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынасқа түсу қиындыққа соғатынын көрсеткен. Балалар жаңа ортаға түскенде, оны өздерінше қабылдайды. Біреулері оны шектеулі ортаға келдім деп тәртіп ережелеріне бағынады, кейбірі аз сөйлесуге тырысады, тұйықталады, өздерін жоғалтады. Осыған орай, жаңа әлеуметтік ортаға балаларды бейімдеу басты мәселе. Өйткені, оқушыға жағымсыз қатынас жасаса, онда кіші мектеп оқушысы ол мені жақсы көрмейді деген пікірде қалып, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сенуден қалады. Өзін жаман оқушы және қиын бала ретінде сезінеді де жақсы оқуға талпынбайды. Сондықтан да баланың тұлғалық қалыптасуындағы маңызды шарт - бұл қарым-қатынас қабілеті болып табылады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ: қарым-қатынас стилі әдістемесі (А.Б.Майский және Е.Г.Ковалева); Филлипстің мектептегі үрейленуін анықтау әдістемесі.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Қазіргі кезде қоғам және тіл арасындағы өзара әрекеті жөніндегі мәселемен көптеген ғалымдар айналысуда. Адамның қарым-қатынас табиғаты «тіл және адам» сияқты мәселелерді әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика және тағы басқа ғылыми бағыттар бойынша терең зерттелу үстінде. Адам қоғамдық қарым-қатынасы және өзара қарым-қатынасы, сөйлеу қарым-қатынасы кезінде дамиды (Б.Г.Ананьев, В.М.Бехтерев, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн және т.б). Көп жағдайда жасқаншақтық, ұялшақтық, сөздік қорының аздығы, әңгімені жалғастыра алмауы байқалады (Ю.Ф.Гаркуша, Е.М.Мастюкова, С.А.Миронова, Е.Г.Федосеева) [6-7]. Осыған орай, И.В.Дубровина, А.Г.Ружская, Е.О.Смирнова атап өткендей, қарым-қатынас жетілмесе, психикалық үрдіс сөйлеу тілі дамуы тежеледі [8, 9].

Бұл әсіресе қазіргі таңда ерекше білім беруді қажет ететін балаларда жиі кездесетін жағдай. Фразалық тілдің фонетико-фонематикалық және лексико-грамматикалық дамымаушылық элементтерінің болуымен сипатталады. Басты ерекшелігіне дыбысты топтастырмай айтуы жатады. Тілінде көп лексикалық мағыналарды нақты қолданбауы байқалады. Өз ойын айтқанда жай сөйлемдер қолданады, күрделі конструкциялар мүлде қолданылмайды. Өзіне айтылған сөзді түсінуі аздап дамыған және қалыпқа жақындайды. Біз үшін О.С.Павлованың зерттеуінде жасаған мынадай қорытындысы өте маңызды. жалпы сөйлеу тілі толық дамымаған балаларда қарым-қатынасты қалыптастыруда, қалыпты дамып жатқан мектепке дейінгі балаларға тән әлеуметтік-психологиялық заңдылықтар әрекет етеді [10].

Ғылыми әдебиеттерге сүйене келе [11-12], үлгермеушіліктің себептерін жіктеп, үш үлкен топқа бөлуге болады: *педагогикалық* (білім беру процесінде белсенділіктің төмендігі, білім берудің нәтижесіздігі, ата-аналар тарапынан балаға көмектің көрсетілмеуі); *психологиялық* (білімді жүйелі түрде меңгермеуі, оқыту процесіне ілесе алмаушылық (теория), білімді қалыптастыру дағдыларының қалыптаспауы); *физиологиялық* (жалпы ағзаның әлсіздігі (аурушаң), жүйке жүйесінің зақымдалуы).

Қарым-қатынас қабілеті сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық бірлігі жағынан құралады, лексика семантикалық жағын игеру үшін сөздік қормен жұмыстану қажет және мағыналық құрамына қатысты ұйымдастыруға байланысты тілдік құралдарды білуі тиіс. Бұл шарт логикалық хабарламаны меңгерумен белгіленеді.

Б.Н.Головин логикалық сөйлеуде айту шарттарын көрсетеді:

а) Бір сөздердің басқа сөздермен байланысы, ұштастырылуы бір-біріне қарама-қайшы келмеуі керек.

б) Сөйлеген кезде сөздердің реттілігін сақтау керек.

в) Логикалық байланыстар және айту бөлігінің қатынастың маңызды құралы сөйлеу кезіндегі логикалық сөйлеу құралының лексикалық толықтыруларының бірқатар ерекшеліктері соның ішінде қызметтік сөздер (шылау, көмекші сөздер, жалғаулар) болуы мүмкін.

Ресей ғалымдары Т.Б.Филичева, Г.В.Чиркина зерттеуі көрсеткендей, бастауыш сынып кезеңінде оқушылар салалас құрмалас сөйлемдердің ішінен сөйлем мүшелерін тастап кетеді, әр түрлі оқиғаларға байланысты, сабақтас құрмалас сөйлемді құрған кезде қиналады. Себебі нақты, логикалық, таза сөйлеу тілі талабының қарым-қатынас қабілетінің дұрыстығымен сәйкестенуінің дамуы жүреді. Сондықтан да әдеби шығармаларды оқу және талдау, әр түрлі жағдайдағы мәселелерді шешу, рольдік ойындардың кеңінен орын алуы - сөйлеу әдеби ережелерін игеру және қолдана білуіне әсер етеді.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Біздің тәжірибелік жұмысымыз Атырау қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы N19 орта мектептің бастауыш 1 «а» (27 оқушы) және 1 «ә» (30 оқушы) сыныптарында ұйымдастырылды. Барлығы 57 оқушы қатыстырылды, оның ішінде 27 оқушы -бақыланушы топ, 30 оқушы – эксперименталды топ.

Эмоцияны білдіру ерекшелігі баланың эмоционалды аясын сипаттап қана қоймай, қарым-қатынасты да сипаттайды. Өзінің ішкі эмоциясын білдіру, әңгімелесушінің эмоционалды жағдайын түсіну адам қарым-қатынас қабілетінің маңызды құраушысы болып табылады. Сондықтан да анықтау эксперименті кезінде ойын әдіс пайдалана отырып, өзара қарым-қатынас жасау деңгейін бақылау мақсатында балаларды өзіне қаратып, ертегі айтудан бастады. Баяғыда бір есек болыпты, ол көп «сиқырлы сөздер» білетін. Есек өте сыпайы, тәрбиелі болған. Барлығына иіліп, күліп жүрген. Барлық аңдар мен жануарлармен «сәлеметсіз бе!» -деп сәлемдесетін. Бәрі кетіп қалған соң, қоян-қорқақ, арыстан-ақымақ, піл – дәу, ұсқынсыз деген.

- Қалай ойлайындар балалар, есекті сыпайы деп айтуға бола ма? Неге? Есек барлығымен иіліп, сәлемдесетін еді ғой. Тәрбиелі және сыпайы деп, таныс немесе таныс еместерге де қайырымды болып қалады.Бұнда қарым-қатынас-жағдаяттарды талдау шынайы сөйлеу мінез-құлқында әдептілікке баулудың алғышарты екенін ескердік. Осы бағытта екі көрініс құрылады:

1. Қыз отыр, жанына бір бала келіп: «Сәлем»-деді.

2. Қызға екінші бала келіп, «Сәлем, Мадина»-деді.

- Қай сәлемдесу ұнады? Қайысы көңіл-күйінді көтерді?

- Біздің есімімізде «сиқырлы сөз» екен. Саған есіміңді айтып назар аудартса, кәдімгідей көңіл-күйінді көтереді.

«Есім» атты ойын ойналады. Ортаға –бір баланы шақырамыз (ұялшақ, өзін-өзі төмен бағалайтын). Кәне бәріміз сәлемдесейік, жымыайық, атын атайық.

- Қандай күйдесіндер?

Бұл жаттығу кейбір балалардың өзін-өзі бағалауын жоғарлатуға, оң эмоциялардың пайда болуында сөйлеу әдебінің мәнін ұғынуға арналған.

- Сонымен, сәлемдесудің екінші ережесі,-адамды атымен атау: «Сәлем,

Дымбілмес!», Қайырлы таң, Ержан!», «Қайырлы күн, әке!»).

- Тағы бір ереже бар. Тек сәлемдесіп қана қоймай, жымыып, атын ату керек.

- Тағы бір ереже бар. Тек сәлемдесіп, жымыып, атын атап қана қоймауға да болады.

Таңертең мектепке келе жатырғанда сендер дала сыпырып жүрген Зина апайды көрдіңдер.

Көрініс қойылады (балалардың қалауы бойынша біреуі Зина апай болып ойнайды).


- Не айтуға болады? (Сәлемдесудің нұсқаларын айту: «Сәлеметсіз бе, Зина апай! Ауланы таза етіп сыпырып қойыпсыз. Рахмет сізге!»)

- Зина апай қандай күйде болады?

- Былай айтуға болады: «Сізді көргеніме қуаныштымын!», «Мен сізді сағынып қалдым», «Қош келдіңіз!» (мына сәлемдесулерді қай жерде қолданатынын балалармен талқылау).


Бұл әдіс балалардың сөйлеу тілінің белсенділігін арттырды, әдепті сөздік қорын молайтты, алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана алуға баулиды.

Бақылау тобындағы балалардың жауаптары, анықтаушы эксперименттен айырмашылығы аз болды. Бақылау тобына қарағанда, эксперименталды топтағы балалардың көбі белсенді, қарым-қатынасқа жақсы түсе білді. Бақылау тобындағы балалардан өз ойларын жеткізе алмауын байқадық. Көбіне зерттеушінің көмегін қажетсінді. Таныс емес адамдармен қарым-қатынасқа түскенде ұялшақтық, сенімсіздік танытты. Бұл балалар сөйлеу тілі әдебінде мимика және пантомимиканы қолданбады. Эмоционалды аясын тексеру кезінде эмоцияның жұтандығы байқалды (сурет 1,2).



Сурет 1 – Эксперименттік топ


Сурет 2 – Бақ



ыланушы топ

Сонымен қатар, оқушылардың оқу үлгерімін анықтау мақсатында пән мұғалімдерімен әңгімелесу, бақылау жұмысы орын алды. Оқу үлгерімінің көрсеткіші ең алдымен, ол сынып журналындағы оқушылардың бағасы болып табылады. Оқу үлгерімін үздік, орташа, төмен деп бөліп қарастырдық. Бақылау және эксперименталдық топтардың зерттеу нәтижелері ұқсас көрсеткіштермен сипатталады.


Бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қарым-қатынас стилін зерттеуде А.Б.Майский және Е.Г.Ковалеваның әдістемесі қолданылды (сурет 3). Бұл диаграммада берілген мәліметтерден авторитарлық стилдин басымдылығын көре аламыз.



Сурет 3 – Бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қарым-қатынас стилінің салыстырмалы көрсеткіші

Кесте 1. Оқушылардың мұғалімдерге эмоционалдық қатынасын зерттеу нәтижелері

№	Үрейлену факторы	Көрсеткіштері	
		Бақылау тобы	Эксперимент тобы
1.	Мектептегі жалпы мазасыздану	44%	39%
2.	Әлеуметтік стрессті басынан өткізуі	12%	13 %
3.	Жетістікке жету жолындағы қажеттіліктерді өтеудегі кедергілер	24%	21%
4.	Өзін-өзі көрсетудегі қорқыныш сезімдері	40%	39%
5.	Білімді тексеру барысында болатын қорқыныш сезімдері	48%	52%
6.	«Қоршаған ортаның талабына сай болмай қаламын-ау» деген қорқыныш сезімдері	68%	65%
7.	Физиологиялық стресске қарсы күресінің төмендігі	5%	10 %



Сурет 4 - Мұғалімдерге эмоционалдық қатынасы деңгейлері

Зерттеу қорытындысында қоршаған ортаның талабына сай болмай қаламын-ау қорқынышы, білімді тексеру барысындағы қорқыныш және мұғалімдермен қарым-қатынас жасау барысында пайда болған қорқыныш сезімі басым болып шықты (кесте 4).

Оқу үлгерімін үздік, жақсы, қанағаттанарлық деп бөліп қарастырып, оқушылардың педагогтарға эмоционалдық қатынасының көрінулерімен корреляциялық өзара байланысы анықталды. Оқу үлгерімімен оқушының педагогты эмоционалды қабылдауы арасындағы өзара байланысы кестеде көрсетілген (Кесте 1).

ҚОРЫТЫНДЫ

Бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасы бала үшін идеалды үлгі-бейне болып табылады. Осыған орай, оқушыға оның әр сөзі, көзқарасы, оқушыға деген қатынасы маңызды. Сол себепті де маңызды рөл бастауыш сынып мұғаліміне артылады.

Ең бастысы - психологиялық-педагогикалық ерекшелігін басшылыққа ала отырып, бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімінің басты психологиялық факторы ретінде – қарым-қатынас стиліне жете мән беру.

Бастауыш сынып мұғалімдері мен мектеп психологтарына **ұсыныстар** бере аламыз:

1. Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінің эмоционалдық қатынасын реттеу және оқу үлгерімін арттыру үшін арнайы тақырыптық тәрбие сағаттарын жандандыру;

2. Бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімін арттыру үшін ата-аналармен бірлескен жұмысты белсендіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Психология в деятельности учителя начальной школы : учебное пособие для вузов / А. В. Березина, Е. А. Журавлева, И. В. Мельникова, К. И. Чижова. — Москва : Издательство Юрайт, 2024

2. Божович, Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. СПб.: Питер, 2008. 398 с.

3. Выготский, Л. С. Педагогическая психология. – М.: АСТ, 2005. 670 с.

4. В.В.Давыдов // Теория учения. Хрестоматия. Часть 1. Отечественные теории учения / под ред. Н. Ф. Талызиной, И. А. Володарской. - М.: Редакционно-издательский центр "Помощь",

1996. - С. 89-94.

5. Блонский, П. П. Психология младшего школьника / П. П. Блонский; под ред. А.И. Липкиной, Т. Д. Марцинковской. - М.: Институт практической психологии, Воронеж: НПО «Модек», 1997. - С. 225-229.

6. Талызина, Н. Ф. Педагогическая психология / Н. Ф. Талызина: учебник для студ. сред. пед. учеб. заведений. - 3-е изд., стер. - М.: Издательский центр "Академия", 2003. - 288 с.

7. Левитов, Н. Д. Психологические особенности младших школьников / Н. Д. Левитов. - М.: Просвещение, 2009. - 244 с.

8. Майстренко А. В. Сравнительный анализ сформированности психологических характеристик учащихся, получающих начальное общее образование и имеющих различную успеваемость в обучении / А. В. Майстренко, В. А. Губин // *European Social Science Journal (Европейский журнал социальных наук)*. - 2016. - № 7. - С. 164-169.

9. Майстренко, А. В. Влияние средств массовой коммуникации на успешность обучения младшего школьника / А. В. Майстренко // *Тинейджеры в современном социуме: инвариантность и лабиринты: сб. науч. трудов*. - СПб., 2014. - С. 357-360.

10. Психология младшего школьника [Электронный ресурс]: учебно-методическое пособие / Урал. гос. пед. ун-т ; авт.-сост. Ю. Е. Водяха, С. А. Водяха. – Екатеринбург : [б. и.], 2018

11. Общая психодиагностика, под ред. А.А. Бодалёва, В.В. Столина - М., 2004

12. Бурлачук Л.Ф. Психодиагностика - СПб., 2003

References:

1. *Psichologua v deiatelnosti ýchitelja nachalnoi shkoly : ýchebnoe posobie dlia výzov* / A. V. Berezina, E. A. Jýravleva, I. V. Melnikova, K. I. Chijova. — Moskva : Izdatelstvo Iýrait, 2024

2. *Bojovich, L. I. Lichnost i ee formirovanie v detskom vozraste*. SPb.: Piter, 2008. 398 s.

3. *Vygotskui, L. S. Pedagogicheskaja psichologua*. M.: AST, 2005. 670 s.

4. *B.V.Davydov // Teorua ýcheniua. Hrestomatua. Chast I. Otechestvennyie teorua ýcheniua / pod red. N. F. Talyzinoi, I. A. Volodarskoj*. - M.: Redaktsionno-izdatelsku tsentr "Pomo", 1996. - S. 89-94.

5. *Blonskui, P. P. Psichologua mladshogo shkolnika / P. P. Blonskui; pod red. A.I. Lipkinoi, T.D. Martsinkovskoi*. - M.: Institut prakticheskoi psihologu, Voronej: NPO «Modek», 1997. - S. 225-229.

6. *Talyzina, N. F. Pedagogicheskaja psichologua / N. F. Talyzina: ýchebnik dlia stýd. sred. ped. ýcheb. zavedenu*. - 3-e izd., ster. - M.: Izdatelsku tsentr "Akademua", 2003. - 288 s.

7. *Levitov, N. D. Psichologicheskie osobennosti mladshih shkolnikov / N. D. Levitov*. - M.: Prosveenie, 2009. - 244

8. *Maistrenko A. V. Sravnitelnyi analiz sformirovannosti psichologicheskikh harakteristik ýchaithsia, polýchaitýih nachalnoe obee obrazovanie i imeitýih razlichnýtý ýspevaemost v obýcheniu / A. V. Maistrenko, V. A. Gýbin // European Social Science Journal (Evropeiskui jýrnal sotsialnyh náýk)*. - 2016. - № 7. - S. 164-169.

9. *Maistrenko, A. V. Vluanie sredstv massovoi kommýnikatsui na ýspeshnost obýcheniua mladshogo shkolnika / A. V. Maistrenko // Tineidjery v sovremennom sotsiýme: invariantnost i labirinty: sb. náých. trýdov*. - SPb., 2014. - S. 357-360.

10. *Psichologua mladshogo shkolnika [Elektronnyi resýrs]: ýchebno-metodicheskoe posobie / Ýral. gos. ped. ýn-t ; avt.-sost. Iý. E. Vodiahua, S. A. Vodiahua*. – Ekaterinbýrg : [b. i.], 2018

11. *Obaja psihodiagnostika, pod red. A.A. Bodalëva, V.V. Stolina* - M., 2004

12. *Býrlachýk L.F. Psihodiagnostika* - Spb., 2003